**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ**
**ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНДЕРІ БОЙЫНША МҰҒАЛІМДЕРДІ ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ**
**№__1__ ХАТТАМАСЫ**

**Түркістан қаласы** **21.10.2022 жыл**

**Қатысқандар: АК төрайымы:**
1.Сарыбаева Ә.Х. - Физика кафедрасы, п.ғ.к., доцент
**АК мүшелері:**

| | | |
|---|---|---|
| 2. | Сарбаева Г.Т. | - Экология химия кафедрасы, техн.ғ.к., доцент |
| 3. | Жылысбаева Г.Н. | -Экология химия кафедрасы, техн.ғ.к., доцент |
| 4. | Берді Д.К. | -Экология химия кафедрасы, PhD, аға оқытушы |
| 5. | Сарбаева М.Т | -Экология химия кафедрасы, PhD, аға оқытушы |
| 6. | Беласарова Ш.М. | - Экология химия кафедрасы, аға оқытушы |
| 7. | Раманкулов Ш.Ж. | -Физика кафедрасы, PhD, доцент м.а. |
| 8. | Шектибаев Н.А | -Физика кафедрасы, PhD, аға оқытушы |
| 9. | Батырбекова А.Ж. | -Физика кафедрасы, оқытушы |
| 10. | Турганбаева Ж. Н. | -Математика кафедрасы, PhD, аға оқытушы |
| 11. | Муратбекова М. | -Математика кафедрасы, PhD, доцент м.а. |
| 12. | Тойжигитова Б.Б. | -Биология кафедрасы, PhD, доцент м.а. |
| 13. | Сейтметова А.М. | -Биология кафедрасы, б.ғ.к., доцент м.а. |
| 14. | Ниязова Г.Ж. | -Компьютерлік ғылымдар кафедрасы, п.ғ.к., доцент |
| 15. | Назарбек Т.С. | -Компьютерлік ғылымдар кафедрасы, оқытушы |
| 16. | Ескараева Б.И. | -Компьютерлік ғылымдар кафедрасы, аға оқытушы |
| 17. | Азретбергенова Ж.Ж. | -№23 IT Мектеп-лицейі директоры |
| 18. | Орманова Г.К. | -ОҚМПУ «Физика» кафедрасы, каф.меңгеруші, п.ғ.к. |
| 19. | Миндетбаева А. | -Н.Оңдасынов атындағы Түркістан мамандандырылған мектеп-интернаты ғылым жөніндегі директор орынбасары |
| 20. | Балтабай Д. | 6В01512 - Химия БББ студенті |
| 21. | Султанқұл А. | 6В01513 - Биология БББ студенті |
| 22. | Қанаева Ж. | 7М01506 - Физика БББ магистранты |
| 23. | Егембердиев Д. | 8D01516 - Информатика БББ докторанты |
| 24. | Толентаева Ғ. | 8D01502 - Математика БББ докторанты |
| 25. | Алпысбаева Ф. | 6В01573 - Информатика, АКТ және робототехника БББ студенті |

**Қатыспағандар: -**

**Күн тәртібі:**

1.АК жұмысын ұйымдастыру, Ережелерімен танысу, 2022-2023 оқу жылына жұмыс жоспарын әзірлеу
2.Кадр даярлау нарығына талдау жүргізу
3.Университет түлектерінің моделін әзірлеу:
-әдістемелік семинар, тренинг уйымдастыру;
-түлектер моделін әзірлеуге қатысу
4.Қазан айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

**Тыңдалды:**

**АК төрағасы Сарыбаева Ә.Х.:** Саламатсыздар ма, АК мүшелері, бүгінгі күн тәртібіндеАК жұмысын ұйымдастыру, Ережелерімен танысу, 2022-2023 оқу жылына жұмыс жоспарын әзірлеу, Кадр даярлау нарығына талдау жүргізу,Университет

түлектерінің моделін әзірлеу, Қазан айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау бойынша атқарылаған жұмыстарды қарастырайық. Өз ойларыңызды ортаға салып талқылайық.

**Сөз кезегін АК мүшесі, академиялық персонал, Сарбаева Г.Т. алды:**

Бірінші мәселе бойынша тоқсалсам, АК жұмысы ұйымдастырылып«Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдерді даярлау» бағыты бойынша АК жұмыс және мәжіліс жоспары бекітілді, ережелермен таныстырылды, айта кетейік ОҚМПУ, «Физика» кафедрасы, каф.меңгеруші, п.ғ.к. Г.К.Ормановамен және Н.Оңдасынов атындағы Түркістан мамандандырылған мектеп-интернаты ғылым жөніндегі директор орынбасары Міндетбаева Ақнұрмен,№23 IT Мектеп-лицейі директоры Ж.Ж.Азретбергеновамен кездесіп кадр даярлау нарығындағы талдау жұмыстары жүргізілді.

**АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – Міндетбаева А:**

Екінші мәселе бойынша өз ойымды айтсам, білім беру сапасын қамтамасыз ету - Қазақстанның білім беру жүйесін жаңғыртудың маңызды міндеті. Білім беру жүйесін оның мазмұнын жаңарту арқылы қайта құру тұлғаға, оның құзыреттілігіне, тез өзгеретін әлемде өзінің білімі мен іскерлігін қолдана білуіне қойылатын нарық талаптарының артуымен байланысты.

Бүгін біздің мектеп-интернат түлегіне табысты және бәсекеге қабілетті, нарық талабына даяр болу үшін, өз орнын кәсіби анықтау үшін, өмірде де кең ауқымдағы дағдыларды меңгеру қажет. Ел Президенті Қ. Ж.Тоқаев 02.09.2019ж. Қазақстан халқына Жолдауында "Сындарлы қоғамдық диалог-Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі" жеке тұлғаның қабілетін дамыту негізінде мамандық таңдауын қалыптастырудағы білімнің рөлін атап өтті: "Біз оқушылардың қабілеттерін анықтау негізінде кәсіптік бағдар беру саясатына көшуіміз керек. Бұл саясат орта білім берудің ұлттық стандартына негізделуі тиіс".

Сондықтан кадр даярлау нарығына келсек, білімді, құзыретті ұстаздармен жұмыс жасау заман талабы.

**АК мүшесі, академиялық персонал – PhD Н.Шектібаев:**

Үшінші мәселе бойынша университет түлектерінің моделін әзірлеу жұмыстарына келетін болсақ.Университетімізде түлектер қауымдастығы бар, қазіргі таңда бір қатар жұмыстар жүргізіліп жатыр, кең көлемде түлектердің кездесуі ұйымдастырылды.Келесі кезекте сайттарғатүлектер жайлы мәліметтер қою мәселесімен айналысу керекпіз.

**АК төрағасы Сарыбаева Ә.Х.:** Құрметті АК мүшелері алда жұмыстар өте тығыз және ауқымды жұмыстарды бірігіп жасасақ барлық жұмыстар шешімін табады деп сенемін. АК құрамы толық нақтыланды, АК жұмыс жоспар әзірленді, ережесі бекітіліп онымен АК мүшелері танысу парақтарымен толық таныстырылды.

Жалпы қазан айында жоспарға сай жұмыстар АК мүшелерімен қарастырылды.

**Шешім:**«Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдерді даярлау» бағыты бойынша АК жұмысын ұйымдастыру, Ережелерімен танысу, 2022-2023 оқу жылына жұмыс жоспары бойынша Қазан айында атқарылған іс шаралар нәтижесі қабылдансын.

**Мәжіліс төрайымы:** **Ә.Х.Сарыбаева**

**Хатшысы:** **Д.К.Берді**